

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ораторлық қасиет. Көпшілік алдында сөйлеу

ЖАРИЯЛАНДЫ
06.05.2021**ТІРЕК СӨЗДЕР**
көпшілік алдында сөйлеу, Ораторлық қасиет, Ораторлық өнер**СІЛТЕМЕ**
<https://bilimger.kz/95756/>

Ораторлық қасиет деген не? Ол бізге не үшін керек? Сол арқылы өмірде қандай жетістікке жете аламыз? Қандай қиыншылыққа төтеп бере аламыз? Өзімізді қандай қырымыздан көрсете аламыз?

Жауапкершілікті тереңнен сезініңіз.

Халық алдында сөз сөйлеу, үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ұсынып отырған материалды майда-шүйдесіне дейін зерттеңіз, өйткені тығыз дисктер, DVD, мақала, айтылған сөздеріңіз, бұл оқиғадан кейін де, әрекеттерін жалғастыра береді.

Шындық пен білімді ұсыну үшін, уақыттың сынына төтеп беретін, фактілерге сүйену керек. Оратордың уысынан қандай да болмасын, бір сөз шығарда, оның шынайы екеніне жауапты болу керек.

Бастап келе жатқан және кәсіби ораторлардың арасындағы айырмашылық, тақырыптағы нақтылық және ерекшелік болып табылады.

Бірнеше ораторлар сөйлеген кезде, әріптесіңіздің уақытын алып қоймағандығыңызға сенімді болыңыз.

Егер сіз, көпшілік алдындағы сөз сөйлейтін оратор болсаңыз, онда сәтсіздікке ұшырағанда, қатты мұңаймаңыз. Тіпті, кәсіби ораторлар да, сәтсіздікке ұшырап жатады. Жаман тыңдаушылар болмайды, дұрыс емес ақпараттанған немесе дайындықсыз шығатын ораторлар болады.

Сіздің жауапкершілігіңіз, сізден ең жақсыны талап етеді. Осылай істеу арқылы, сіз әр шыққан сайын, күшіңізді шыңдайсыз!!!

Қағидаттар:

Өзіңіздің материалыңыз үшін дайын зерттеулер жүргізіңіз

Өзгелерден ұрламаңыз

Сөз сөйлеу уақытына қатысты шынайы болыңыз

Өзіңізді тиынға сатпаңыз

Барлығы сіздің ғана бақылауыңызда болуы керек

Сәтсіздіктер сізді тоқтатпауы керек

Бағалаңыз, бағалаңыз

Көпшілік алдында сөз сөйлеу барысында, сіздің көрсететін күшіңіздің табысты, не сәтсіз бағалануының әдістерін анықтау керек. Қарапайым бақылау тізімін жасап шығарып, сол арқылы өзіңізді бағалаңыз. Мысалы, былай:

Овацияның саны мен ұзақтығы
Ұсыныс пен қайта шақырулар
Келген алғыс хаттар
Ақы
Кітаптар мен материалдар және т.б

Бағаны сөз сөйлей бастаған кезде, халықтың сізді қабылдап отырған әсеріне қарап, берсеңіз болады.

Бағалаудың ең тиімді жолы – сөз сөйлеп болған соң, адамдардан мінеп-сынауын, яғни ойын сұрастыру. Егер біреу, сіздің шыққаныңызды мақтап, «барлығы керемет», болды десе, ұялмай, нақты не нәрсе ұнады деп сұрап алыңыз.

Ал сізге арнап, жазылған хаттардың жөні бөлек. Өз ойын айта салғанға қарағанда, отырып, уақытын бөліп, жазған хат ерекше бағалауды негіздейді.

Егер сізді қайта-қайта шақырып, төлейтін ақшасы да, жоғары болса, онда сіз «көпшілік алдында сөз сөйлеу шеберінің иесі атанғаныңыз»!!!

Қағидаттар:

Бағалау әдістерін дамытыңыз
Реакцияны бағалап, керекті түзетулер енгізіңіз
Ең жақсы реакция, сізді қайта шақыру болып табылады.

Өмір сүруіңізді қадағалау

Өздерінің айтқанын істемейтін ораторлар, мені қынжылтады, дейді автор. Бұл жалған нәрсе, ерте ме, кеш пе, адамдар олардың сөздерінің бос екенін түсінеді. Бұл әлемдегі ұлы ораторлар, белгілі – бір салада жетістікке жеткендер. Сол арқылы да, олар халық алдында сөз сөйлеуге және естілуге құқылы.

Жасанды болмаңыздар. Шынайы болып, өзіңіз ұсынған жолмен өзіңіз бастап жүріңіз. Ешкімге және еш нәрсеге қарамастан, жетістікке жетуге ұмтылыңыз.

Адамдардан алған көмекті бағалай білу керек. Ораторлар сезіну керек, қиын қағидаттардың бірі – адамдарға қарыздарын қайтарып, олармен жетістікті бөлісу.

Сөйлеген сөзіңіздің дұрыстылығын әр кез делелдеумен болу керек.

Қағидаттар:

Шынайы болып, өзіңіз ұсынған жолмен өзіңіз бастап жүріңіз.

Жағдайға байланысты, дұрыс көрініңіз

Өзіңіздің өміріңізден алынған мысалдармен бөлісіңіз, тыңдаушыларыңызбен өміріңізді бөлісіңіз

Қарызды қайтарыңыз

Өзіңіз айтып жатқан нәрсеге, өзіңіз қызығушылық танытыңыз. Бұл ең маңызды пункт!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.